

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 ақпандағы № ҚР ДСМ-11/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 ақпанда № 20069 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Министерство здравоохранения Республики Казахстан

Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және стандарттау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

Е. Биртанов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 20 ақпаны
№ ҚР ДСМ-11/2020
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасында хирургиялық
(абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық)
көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі - Стандарт) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 7-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Стандарт хирургиялық аурулар кезінде меншік нысаны мен ведомстволық тиістілігіне қарамастан амбулаториялық-емханалық, стационарлық және стационарды алмастыратын деңгейлерде Қазақстан Республикасында медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын, жалпы қағидаттары мен сипаттамаларын белгілейді.

3. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер және анықтамалар:

1) динамикалық байқау - халық денсаулығының жай-күйін жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

2) бейінді маман- жоғары медициналық білімді, белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар медицина қызметкері;

3) консилиум – кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

4) клиникалық хаттама – белгілі бір ауру немесе клиникалық жағдай кезінде пациентке медициналық көмек көрсетуге қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін құжат;

5) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

6) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шаралар кешені;

7) өңірлендіру – стационарлық медициналық ұйымдарды олардың мамандандырылған медициналық хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсету мүмкіндігі бойынша кадрлық және материалдық-техникалық ресурстарды бөлуді, сондай-ақ медициналық көмекті тұтыну көлемін ескере отырып, хирургиялық араласу қаупінің дәрежесіне сәйкес үш деңгей бойынша бөлу.

**2-тарау. Хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық)
аурулар кезінде медициналық көмек
көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің қағидалары,
жалпы қағидаттары мен сипаттамалары**

4. Пациенттерге хирургиялық көмек көрсету:

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде тегін негізде;

«Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсету қағидалары мен шарттарын және Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсетуге арналған шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 304 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11341 болып тіркелген) сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

5. Хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсететін медициналық денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ медициналық ұйымдардың құрамындағы құрылымдық бөлімшелер:

1) ерте анықтауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды, өткізуді және хирургиялық аурулары бар пациенттерге жоғары технологиялы медициналық қызметтерді және білікті, мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді;

2) медициналық көмектің қолжетімділігін, үйлесімділігі мен сапасын арттыру есебінен хирургиялық аурулардан болатын асқынуларды, халықтың өлімі мен мүгедектігін төмендету бойынша жұмыстарды;

3) хирургияның барлық бағыттары бойынша медициналық көмектің қолжетімділігін және медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз ететін тиімді жүйе құруды;

4) қазіргі заманғы медицинаның әлемдік жетістіктеріне сәйкес келетін диагностика, емдеу және профилактиканың заманауи әдістерін енгізуді қолдануды;

5) өңірлендіруді ескере отырып, медициналық ұйымның ішілік, сондай-ақ медициналық ұйымдар арасындағы сабақтастық пен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

6. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге білікті медициналық көмекті бейінді мамандар, сондай-ақ «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)», «Жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек» «Педиатрия (неонатология)», «Жалпы дәрігерлік практика (отбасылық медицина)» мамандықтары бойынша дәрігерлер) жоғары медициналық білімі бар мамандар диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың, соның ішінде телемедицина құралдарын пайдалана отырып, мамандандырылған әдістерді талап етпейтін аурулар мен жағдайлар кезінде көрсетеді.

7. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге мамандандырылған медициналық көмекті бейінді мамандар көрсетеді және диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың, соның ішінде телемедицина құралдарын

пайдалану арқылы жүргізілетін арнайы әдістерді талап ететін аурулар кезіндегі медициналық көмекті қамтиды.

8. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді бейінді мамандар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 ақпандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Жоғары технологиялы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларына сәйкес көрсетеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14868 болып тіркелген);

9. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге медициналық көмек мынадай нысандарда ұсынылады:

1) амбулаториялық-емханалық көмек, соның ішінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) және консультациялық-диагностикалық көмек (бұдан әрі - КДК);

2) стационарлық көмек;

3) стационарды алмастыратын көмек;

4) жедел медициналық көмек;

5) санитариялық авиация.

10. Медициналық ұйымдардың құрылымында науқастарға амбулаториялық-емханалық деңгейде көрсетілетін медициналық көмек оларға жүктелген функцияларына қарай ұйымдастырылады:

10 мың халыққа шаққанда кемінде 1 лауазымнан есептегенде емхана (нөмірлік аудандық, аудандық, қалалық) хирургының консультативтік қабылдау бөлмесі, көпбейінді стационарлардың консультациялық-диагностикалық бөлімшелері, республикалық маңызы бар қалалардың консультациялық-диагностикалық орталықтары (бұдан әрі – консультациялық-диагностикалық бөлімше/орталық);

емханалардың (аудандық, қалалық) құрамындағы хирургиялық бейінді төсегі бар күндізгі хирургиялық стационар/амбулаториялық хирургия орталығы (бұдан әрі КХС/АХО), көпбейінді стационарлардың консультациялық-диагностикалық бөлімшелері, республикалық маңызы бар қалалардың республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының консультациялық - диагностикалық орталықтары.

11. Науқастарға стационарлық деңгейде медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың құрылымында, оларға жүктелген функцияларға қарай ұйымдастырылады:

көпбейінді стационарлардың құрамындағы хирургиялық бейінді төсегі бар КХС/АХО; (көпбейінді ауданаралық, қалалық, облыстық ауруханалары, республикалық денсаулық сақтау ұйымдары);

көпбейінді стационарлардың құрамындағы (аудандық, көпбейінді ауданаралық, қалалық ауруханалардың) және (немесе) мамандандырылған хирургиялық бөлімшелердің (басқа соматикалық бөлімшелермен біріккен) көпбейінді стационарлардағы (аудандық, көпбейінді ауданаралық, қалалық, облыстық ауруханалардың, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының) хирургиялық төсектері;

көпбейінді стационарлардың (аудандық, қалалық, облыстық аурухананың) мамандандырылған хирургиялық бөлімшесі;

республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының мамандандырылған хирургиялық бөлімшелері.

12. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге хирургиялық көмек көрсету деңгейлері бойынша диагностикалық және емдеу іс-шараларының тізбесі осы Стандартқа 1 - қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

13. «Инвазиялық араласу кезінде пациенттің ерікті түрдегі жазбаша келісімінің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 20 мамырдағы № 364 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (бұдан әрі - № 364 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11386 болып тіркелген) амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда хирургиялық араласу пациенттің ерікті түрдегі жазбаша келісімін алғаннан кейін ұсынылады.

14. Психикалық бұзылыстарға (ауруларға) шалдыққан, сот шешімімен әрекет етуге қабілетсіз деп танылған пациенттерге және кәмелетке толмағандарға хирургиялық араласу олардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімінің негізінде жасалады.

15. Егер хирургиялық араласуды кешіктіріліп орындалған жағдайда пациенттің өміріне қауіп төндіретін, ал пациенттің немесе оның заңды өкілдерінің келісімін алу мүмкін болмаған жағдайларда, дәрігер немесе консилиум шешім қабылдап, кейіннен қабылданған шаралар, хирургиялық араласудың көлемі мен әдістері туралы науқасты не оның өкілдерін хабардар етеді.

16. Болуы мүмкін салдарлар көрсетілген медициналық көмектен бас тарту Кодекстің 93-бабының 3-тармағына сәйкес ресімделеді және пациент немесе оның заңды өкілі, сондай-ақ ұйымның бейінді медицина маманы қол қояды.

**1-параграф. Амбулаториялық-емханалық деңгейде пациенттерге
хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек
көрсету**

17. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге амбулаториялық-емханалық көмек көрсету МСАК-ты және ҚДК-ны қамтиды.

18. Пациент МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымына хирургиялық сипаттағы шағымдармен және симптомдармен жүгінген кезде «Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)», «Жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек», «Жалпы дәрігерлік практика (отбасылық медицина)» мамандығы бойынша дәрігер пациенттің бейінді маманнан консультация алуын қамтамасыз етеді.

19. ҚДК көрсетуге хирургиялық аурулары бар пациенттерді жіберу кезінде МСАК дәрігері немесе басқа да бейінді маман «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылдың 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (бұдан әрі – № 907 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген № 027/е нысаны бойынша амбулаториялық науқастың медициналық картасынан көшірме үзінді ресімдейді.

20. Хирургиялық аурулары бар пациенттерді емдеуді (нөмірлік аудандық, аудандық, қалалық) емхананың, КХС/АХО-ның немесе консультациялық-диагностикалық орталықтың/бөлімшенің бейінді маманы екі тәсіл арқылы іске асырады:

- 1) операциялық (хирургиялық);
- 2) операциялық емес (консервативті).

21. Амбулаториялық-емханалық деңгейде жекелеген емшара, таңу бөлмесі болмаған және (немесе) болған кездегі хирург дәрігердің кабинетін жарақтандыру осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

22. Амбулаториялық-емханалық деңгейде емшара, таңу бөлмесін ең төменгі жарақтандыру осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

23. Бейінді маман аурулардың диагностикасы және емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес диагностикалық және емдеу іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етеді (бұдан әрі - КХ). Бейінді маман пациентті қарап - тексеру нәтижелері бойынша шағымдар мен аурудың анамнезін есепке ала отырып, физикалық, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің деректерін зерделеу арқылы диагноз негіздемесімен алдын ала қорытынды жасайды, көрсетілетін медициналық көмектің деңгейі мен аурудың ауырлық дәрежесінің сәйкестігін және осы деңгейдегі науқасты емдеу мүмкіндігін бағалайды.

24. Амбулаториялық-емханалық деңгейде (КДК және стационарды алмастыратын көмек ұйымдарында) хирургиялық емдеу кезінде операцияға көрсетілімдерді анықтау, операциялық араласу көлемін, анестезиялогиялық құрал түрлерін, интра және операциядан кейінгі асқынулардың даму қауіптерін бағалау, операция жасауға науқастың жазбаша келісімін алу жүргізіледі.

25. Емхананың бейінді маманы операциядан кейінгі кезеңде стационардан шығарылған науқастардың жай-күйін бақылауды жүргізеді.

26. Хирургиялық араласудан кейін науқастарды ұзақ мерзімді емдеу кезінде бейінді маман уақытша (1 жылға дейін) және тұрақты мүгедектігін анықтау үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 44 бұйрық) МӘС жүргізу қағидаларына сәйкес алғашқы куәландыруды және

(немесе) қайталама куәландыруды (қайта куәландыруды) жүргізу мақсатында, дәрігерлік - бақылау комиссияларының дәрігерлерінің консультацияларын ұйымдастырады және олардың қорытындылары бойынша науқастарды медициналық-әлеуметтік сараптамаға (бұдан әрі – МӘС) жібереді.

27. Хирургиялық аурулары бар пациенттерді динамикалық (диспансерлік) байқауды емханалардың бейінді мамандары (хирург дәрігер) жүзеге асырады.

28. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге консультациялық-диагностикалық көмек «Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 626 бұйрығымен бекітілген КДК көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11958 болып тіркелген).

29. Бейінді маман басқа да дәрігерлермен бірлесіп аурулардың әртүрлі нозологиялық түрлерімен ауыратын пациенттерді динамикалық (диспансерлік) байқауға қатысады.

30. Қауіп тобына кіретін науқасты динамикалық (диспансерлік) байқаудың ұзақтығы жеке айқындалады және ол 1 айдан 10 жылға дейінгі мерзімді құруы мүмкін. Қуыстық операциялық араласуларды (кеуде және іш қуысы) бастан өткерген пациенттерді байқау мерзімі кемінде 6 айды құрайды.

31. Ересек халыққа эндоскопиялық зерттеу жүргізу кезінде емхананың немесе консультациялық-диагностикалық бөлімшенің/орталықтың бейінді маманы:

тоқ ішектің тұқым қуалайтын ауруларының белгілерін және оның дамуындағы ауытқуларды, ішектің асқынған созылмалы ауруларын анықтаған кезде — динамикалық байқауды;

түймешік (полип) тәрізді өсінділерді анықтаған кезде – одан кейін гистологиялық зерттеумен, ісік анықталған жағдайда «онкология (ересек)» мамандығы бойынша дәрігердің динамикалық байқауын және полипэктомиядан кейінгі 4-6 айдан соң бақылау колоноскопия жүргізумен полипэктомияны жүзеге асырады.

32. Хирургиялық бейіндегі онкологиялық аурулар анықталған кезде, пациенттің диагнозы туралы ақпарат (ерікті хабардар етілген келісім бойынша) «Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8687 болып тіркелген) бекітілген Онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын бастапқы онкологиялық кабинетке диагнозды нақтылау және науқасты одан әрі қадағалап қарау тактикасын айқындау үшін жіберіледі.

33. Емхананың (нөмірлік аудандық, аудандық, қалалық), клиникалық-диагностикалық бөлімшенің орталықтың бейінді маманы хирургиялық жіті патологиялар анықталған немесе соған күдік болған кезде жедел медициналық көмек бригадасын шақырып, тәулік бойы ургенттік хирургиялық көмек көрсетіп, медициналық бақылауға алатын стационарға; тұрақсыз гемодинамика кезінде және науқастың өміріне қауіп төнген жағдайда жақын орналасқан стационарға науқасты тасымалдауды қамтамасыз етеді.

34. Хирургиялық аурулары бар пациенттерді республикалық денсаулық сақтау ұйымдарынан ҚДК алуға жіберуді медициналық ұйымдардың бейінді мамандары жүзеге асырады.

Республикалық медициналық ұйымдарда пациентке ҚДК көрсету туралы оң шешім қабылданған жағдайда, өңірлік комиссия № 907 бұйрықпен бекітілген № 021/е нысаны бойынша республикалық деңгейде жоғары технологиялы ҚДК алуға жолдама береді.

35. Пациентке республикалық деңгейде ҚДК көрсетуден бас тартқан жағдайда, өңірлік комиссия жолдама берген медициналық ұйымға жазбаша дәлелді бас тартуды қоса бере отырып құжаттарды кері қайтарады.

36. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге ҚДК-ні бейінді маман:

- 1) пациент өздігінен жүгінген кезде;
- 2) пациентте хирургиялық аурудың бар екені анықталған (күдік пайда болған) кезде учаскелік және/немесе басқа дәрігерлердің жолдамалары бойынша көрсетеді.

37. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге ҚДК мыналарды қамтиды:

1) науқастың денсаулығының жай-күйін және алдын ала диагнозын белгілеу мақсатында бейінді маманның қарап-тексеруін;

2) диагнозды верификациялау мақсатында пациенттерді зертханалық және аспаптық, соның ішінде эндоскопиялық және ультрадыбыстық зерттеп-қарау;

3) анықталған нозология мен клиникалық хаттамаларға сәйкес хирургиялық араласуға көрсеткіштерді айқындау, диагностикалық және емдеу іс-шараларының қажетті көлемдерін тағайындау, таңдауды;

4) КХ-ға сәйкес жоспарлы тәртіпте хирургиялық араласуды жүргізуді;

5) хирургиялық аурулардың даму қатеріне және олардың асқынуын бағалау;

6) хирургиялық аурулардың дамуының жоғары қаупі бар адамдарға бастапқы профилактика бойынша, хирургиялық ауру ағымының асқынуы мен күшеюінің қайталама профилактикасы бойынша тиісті іс-шараларды жүргізуді;

7) емхана немесе стационар жағдайындағы хирургиялық емдеуден кейінгі пациенттердің денсаулық жағдайын динамикалық байқау, клиникалық хаттамаларға (өңдеу, таңу, тігістерді алу) сәйкес емдік манипуляцияларды орындауды;

8) Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы ТМККК және (немесе) МӘМС шеңберінде стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарды еркін таңдауда пациенттің құқықтары ескеріле отырып, көрсетілімдері болған жағдайда мамандандырылған медициналық көмек және жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетуді ұсыну үшін денсаулық сақтау ұйымдарына емдеуге жатқызуға іріктеу және жіберуді;

9) туа біткен және жүре пайда болған хирургиялық ауруларды уақтылы анықтау, хирургиялық аурулары бар пациенттерді сауықтыру және диагностикалық зерттеп-қарау жүргізу және одан әрі сауықтыруды ұйымдастыру және жүргізуді;

10) тәулік бойы медициналық бақылауды қажет етпейтін хирургиялық аурулары бар пациенттерге стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету және ұйымдастыруды;

11) хирургиялық аурулары бар пациенттерге диспансерлік байқауды ұйымдастыру және жүргізуді;

12) «Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және жоспарлы егілуге жататын халық топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 қаулысына (бұдан әрі – № 2295 қаулы) сәйкес пациенттерде тері жабыны және шырышты қабық тұтастығының бұзылуы бар жарақат/жара болған кезде сіреспе ауруына қарсы жоспарлы вакцинациялауды жүргізуді және ұйымдастыруды;

13) № 2295 қаулыға сәйкес, кез келген жануар тістеп алған, сілекей жұқтырған пациенттерге құтырма дертіне қарсы жоспарлы вакцинациялауды жүргізу және ұйымдастыруды;

14) аурудың ағымы, болжамы және емдеудің, оңалтудың балама әдістері туралы пациенттерді және (немесе) оның күтімімен айналысатын заңды өкілдерін хабардар етуді;

15) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығымен бекітілген Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидаларына сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізуді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10964 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 183 бұйрық);

16) № 44 бұйрыққа сәйкес хирургиялық аурулардың нәтижесінде ағза қызметінің тұрақты бұзылуы бар пациентке алғашқы куәландыру және (немесе) қайталама куәландыру (қайта куәландыру) мақсатында, одан әрі МӘС-қа уақтылы жіберу үшін дәрігерлік-консультациялық комиссияға дәрігерлік консультациялық қорытынды ұсынуды;

17) саламатты өмір салтын насихаттайтын қызметтермен бірлесіп Қазақстан Республикасы халқының арасында хирургиялық аурулардың профилактикасын, саламатты өмір салтын насихаттау бойынша іс-шараларды ұйымдастыруды;

18) клиникалық хаттамаларға және «Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту, оның ішінде балаларды медициналық оңалту Қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму

Министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 98 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10678 болып тіркелген) сәйкес Қазақстан Республикасының медициналық оңалту бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру стандартына сәйкес жүзеге асырылатын хирургиялық аурулары бар пациенттерді қалпына келтіру емі және медициналық оңалтуды қамтиды.

38. Шұғыл хирургиялық көмек көрсетуді қажет ететін пациенттер жүгінген немесе оларды жеткізген кезде пациенттердің денсаулығына келтірілген елеулі зиянды және (немесе) өміріне төнген қауіпті жою үшін бейінді маман:

реанимациялық іс-шараларды (жасанды тыныс алу, жүрекке жабық массаж, кеңірдектің интубациясы, трахеостомия (медициналық жабдық болған жағдайда);

сыртқы қан кетуді тоқтатуды (уақытша және түпкілікті);

жараларды алғашқы хирургиялық өңдеуді (тесіп өткен жаралардан басқа);

плевра қуысының пункциясын;

плевра қуысына дренаждауды;

жұмсақ тіндер абсцесін ашу және дренаждауды (шағын өлшемді) (мойын аймағынан басқа) жүзеге асырады;

39. Кезек күттірмейтін хирургиялық медициналық көмек көрсетуді қажет ететін пациенттер жүгінген немесе оларды жеткізген кезде бейінді маман:

жараларды алғашқы хирургиялық өңдеуді (тесіп өткен жаралардан басқа);

жұмсақ тіндердің абсцесін ашуды және дренаждауды (шағын мөлшерін);

лимфа түйіндерін алып тастауды;

терінің және теріасты-майлы шелінің іріндеген процесі кезіндегі операцияларды (тек қана пациентте ауыр жалпы іріңнің жойылуы және қант диабеті белгілерінің болмаған жағдайларда) жүзеге асырады.

40. Бейінді маман хирургиялық аурулары бар пациентті стационарлық ем алуға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12204 болып тіркелген) Стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес мамандандырылған хирургиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға:

тәулік бойы медициналық бақылау үшін медициналық көрсетілімдер болған жағдайда;

АЕК көрсететін медициналық ұйымдарда тиісті емдеуді қамтамасыз ету және диагнозды нақтылау және (немесе) қою мүмкін болмаған жағдайда;

операциялық араласуға медициналық көрсетілімдер болған жағдайда;

кеуде және іш қуыстары ағзаларының жіті хирургиялық аурулары және жарақаттары кезінде;

реанимациялық іс-шараларды жүргізгеннен кейінгі жағдайлар кезінде;

ірі тамырлардың жіті окклюзиялық зақымдану жағдайларында жібереді.

41. Амбулаториялық-емханалық деңгейде осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес операциялар жүргізіледі.

2-параграф. Стационарлық деңгейде пациенттерге хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсету

42. Стационарлық деңгейдегі хирургиялық көмек өзіне мыналарды қамтиды:

1) пациенттің жағдайын анықтау, алдын ала және қорытынды клиникалық диагнозды белгілеу мақсатында бейінді маманның қарап-тексеруі;

2) клиникалық хаттамаларға сәйкес зертханалық және аспаптық қарап-тексеру жүргізуі;

3) хирургиялық асқынулардың даму қаупіне клиникалық, аспаптық және зертханалық зерттеу деректерін бағалау;

4) клиникалық хаттамаларға сәйкес операциядан кейінгі кезеңде хирургиялық асқынулардың даму қаупін ескере отырып, хирургиялық және анестезиологиялық араласулар жүргізу үшін көрсетілімдерді айқындау;

5) тағайындалған емді, соның ішінде хирургиялық араласуды жүргізуі;

6) бейінді маманның күн сайынғы қарап-тексеруі (егер басқа мерзімі көзделмесе), аурудың ауырлық дәрежесі өзгерген жағдайды емге түзетулер енгізуі;

7) медициналық көрсетілімдер болған жағдайда басқа мамандық дәрігерлерінің пациенттерге консультация беруін ұйымдастыруды және өткізуі;

8) хирургиялық ауруы бар пациенттердің жай-күйі жақсарғанда және емдеуді жалғастыру қажеттілігі жағдайында амбулаториялық толық емдеуге жіберуі;

9) № 907 бұйрықпен бекітілген № 027/е нысаны бойынша стационарлық науқастың құжаттарын ресімдеп, медициналық картасының үзінді көшірмесін және еңбекке уақытша жарамсыздығын растайтын құжатты науқастың қолына беріп, ауруханадан шығаруды;

10) пациенттерді және (немесе) олардың күтімін жүзеге асыратын заңды өкілдерін ауру ағымы, болжамы және емдеудің, оңалтудың балама әдістері туралы хабардар ету;

11) № 183 бұйрыққа сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасын жүргізу.

43. Көп бейінді стационарлардың жалпы хирургиялық бөлімшелерін және торакалды хирургиялық бөлімшелерін жарақтандыру осы Стандартқа 5 және 6 - қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

44. Пациентті медициналық денсаулық сақтау ұйымының стационарлық бөлімшесіне, сондай-ақ хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсететін медициналық ұйымдар құрамындағы құрылымдық бөлімшелерге емдеуге жатқызу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) № 761 Бұйрыққа сәйкес пациенттің медициналық ұйымды еркін таңдауға құқығы ескеріле отырып, Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы ТКМКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде МСАК немесе МҰ мамандарының жолдамасы бойынша жоспарлы тәртіппен;

2) жолдаманың бар-жоғына және тұрғылықты мекенжайына қарамастан, шұғыл көрсетілімдер бойынша.

45. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсету аурудың ауырлық дәрежесіне және медициналық көмек көрсету деңгейіне, сондай-ақ науқасты осы деңгейде емдеу мүмкіндігінің болуына байланысты стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендіру деңгейіне сәйкес жүргізіледі.

46. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары медициналық

хирургиялық көмекті өңірлендіруді ұйымдастыру үшін медициналық ұйымдардың географиялық жағынан қолжетімділігін, кадрлық және материалдық-техникалық ресурстарын есепке ала отырып, өңірлендірудің схемасын әзірлейді және басшының бұйрығымен бекітеді.

47. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің бірінші деңгейіндегі медициналық ұйымдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсететін, білікті медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілген, хирургиялық ауруларды диагностикалау және емдеудің заманауи әдістерін меңгерген, емдеу-диагностикалық жабдықтармен және дәрілік препараттармен жабдықталған, тәулік бойы бақылайтын хирургиялық посты, клиникалық, биохимиялық, бактериологиялық зертханасы, хирургиялық науқастарға арналған реанимациялық төсек-орындары немесе қарқынды (интенсивті) терапия және реанимация бөлімшесі бар медициналық ұйымдар жатады.

48. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің бірінші деңгейі мыналарды қамтиды:

нөмірлік аудандық, аудандық, көпбейінді ауданаралық ауруханалардағы стационарлық бөлімшелер және (немесе) хирургиялық төсек-орындар;

көп бейінді ауданаралық және қалалық аурухана стационарларының мамандандырылған хирургиялық бөлімшелерінің (басқа соматикалық бөлімшемен біріккен) төсек-орындары;

қашықта орналасқан қалалардағы (моноқалалар) көп бейінді қалалық стационарлардың хирургиялық төсек-орындары және (немесе) бөлімшелері.

49. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің бірінші деңгейінде бейінді мамандар шұғыл және жоспарлы тәртіппен шағын операцияларды, сондай-ақ операция атауларының тізбесіне сәйкес хирургиялық емдеуді және мейіргер күтімін іске асырады.

50. Хирургиялық көмекті өңірлендірудің бірінші деңгейінде (аудандық, нөмірлік аудандық және ауданаралық ауруханалардың хирургиялық бөлімшелері және (немесе) хирургиялық төсектер) стационар жағдайында жүргізілетін операциялар осы Стандартқа 7 - қосымшаға сәйкес жүргізіледі (тиісті білікті кадрлармен және қажетті жабдықтар болған жағдайда).

51. Ауырлық дәрежесі және медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша сәйкес келмейтін хирургиялық ауруы бар пациент стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің бірінші деңгейіндегі медициналық ұйымға түскен кезде, сондай-ақ пациентті осы деңгейде емдеу мүмкіндігі болмаған кезде хирургиялық асқынулардың даму қаупін бағалау, тасымалдау қаупінің дәрежесін бағалау жүргізіледі, пациенттің жай-күйін тұрақтандыру үшін шұғыл шараларды қамтамасыз ету және жедел медициналық жәрдемнің мобилді бригадасын, санитариялық авиация көлігін шақыртып, өңірлендіруге сәйкес жоғары деңгейдегі медициналық ұйымға көшіруге дайындау жүзеге асырылады.

52. Ауылдық немесе қашықта орналасқан стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің бірінші деңгейіндегі ұйымдарда науқастарды тасымалдау мүмкін болмағанда және бейінді мамандар болмаған жағдайда, сондай-ақ олардың жарақаттары бар, қиын жағдайдағы урологиялық және акушерлік-гинекологиялық аурулары бар пациенттерге санитарлық авиация көлігінің дер кезінде келуге мүмкіндігі болмаған жағдайларда және өмірге төнген қауіпті жою және алдын алу үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды жүргізуді талап ететін жағдайларда, шақыру жеделдігінің бірінші санаты бойынша жеткізілген пациенттерге «Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 450 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15473 болып тіркелген) сәйкес пациенттерге шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша оқып-үйренуден өткен және практикалық дағдыларды меңгерген хирург дәрігерлер шұғыл медициналық көмек көрсетуге жіберіледі.

53. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің екінші деңгейіндегі медициналық ұйымдарға мамандандырылған медициналық көмек және жекелеген жоғары технологиялы медициналық қызметтер көрсететін, жоғары білікті медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілген, хирургиялық науқастарды емдеудің заманауи әдістерін меңгерген, заманауи емдеу-диагностикалық жабдықтармен және дәрілік препараттармен жарақтандырылған, тәулік бойы бақылайтын хирургиялық посты, клиникалық, биохимиялық, бактериологиялық зертханасы, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі бар медициналық ұйымдар жатады.

54. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің екінші деңгейіндегі ұйымдарға көп бейінді стационарлардың (қалалық, облыстық) хирургиялық бөлімшелері мен орталықтары, жедел медициналық көмек ауруханалары жатады.

55. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің екінші деңгейінде өңірлендірудің бірінші деңгейіндегі медициналық ұйымдар орындайтын шұғыл және жоспарлы операциялық араласулардың барлық түрлері, сондай-ақ мамандандырылған хирургиялық көмек пен жекелеген жоғары технологиялы медициналық қызметтер көрсетіледі.

56. Өңірлендірудің екінші деңгейіндегі стационар жағдайында жүргізілетін операциялар (ауданаралық, қалалық және облыстық көп бейінді стационарлардың хирургиялық бөлімшелері) осы Стандартқа 8-қосымшаға (білікті кадрлар мен қажетті жабдықтар болған кезде) сәйкес жүргізіледі.

57. Орындалатын операциялық араласулардың күрделілік санаты бойынша өңірлендірудің екінші деңгейіндегі стационарлық хирургиялық көмек операцияларының мынадай көлемін орындауды көздейді:

кеңірдектің, бронхтың және өкпенің даму ақаулары кезіндегі операциялар;
кеңірдектің, өкпенің және көкірек ортасының қатерсіз және қатерлі ісіктері кезіндегі операциялар;

өкпенің, өкпеқаптың, көкірек қуысының, диафрагманың кистоздық (паразиттік және паразиттік емес) ісіктері кезіндегі операциялар;

бір уақытта және кезең кезеңмен реконструктивті-пластикалық операциялар, сондай-ақ кеңірдектің тыртықты стенозы, кеңірдек-көмейдің жанасуы және бронх ісіктері кезіндегі эндоскопиялық операциялар;

алдыңғы құрсақ қабырғасының жарығының барлық түрлерінде, соның ішінде аллотрансплантантты және аз инвазиялы технологияларды қолдана отырып жасалатын операциялар;

диафрагмалды жарықтар және диафрагма релаксациясы кезіндегі операциялар;

реконструкциялау және пластиканың әртүрлі орындау арқылы өңешке жасалатын операциялар;

асқазанның және ұлтабардың ойық жара ауруы кезіндегі түрлі модификацияларда, гастрэктомияда асқазан резекциясын орындау арқылы жасалатын операциялар;

асқынбаған және асқынған өт-тас ауруы және өт шығару жолдарының патологиясы кезінде, соның ішінде аз инвазиялы технологияларды қолдану арқылы жасалатын операциялар;

бауырдың көлемді және кистоздық (паразиттік және паразиттік емес) ісіктері кезіндегі түрлі көлемдегі резекцияларды орындау арқылы жасалатын операциялар;

созылмалы панкреатит кезіндегі операциялар;

эндокриндік ағзалардың хирургиялық аурулары кезіндегі операциялар;

магистральды және перифериялық тамырлардың хирургиялық аурулары кезіндегі операциялар;

түрлі көлемде резекцияларды орындау арқылы, соның ішінде аз инвазиялы технологияларды қолдана отырып аш және тоқ ішектің хирургиялық аурулары кезінде жасалатын операциялар;

тік ішектің, іш-бұт арасының экстирпациясын орындау арқылы тік ішектің хирургиялық аурулары кезінде жасалатын операциялар;

тік ішектің ірінді-қабыну аурулары кезіндегі операциялар (парапроктит, жарық, эпителиалды құйымшақ жолы);

геморрой кезіндегі, оның ішінде аз инвазиялы технологияларды қолдана отырып жасалатын операциялар.

58. Ауырлық дәрежесі және медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша сәйкес келмейтін хирургиялық ауруы бар пациент стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендіру бойынша екінші деңгейдегі медициналық ұйымға түскен кезде, сондай-ақ пациентті осы деңгейде емдеу мүмкіндігі болмаған кезде хирургиялық асқынулардың даму қаупін бағалау, тасымалдау қаупінің дәрежесін бағалау жүргізіледі, пациенттің жай-күйін тұрақтандыру үшін кезек күттірмейтін шараларды қамтамасыз ету және жедел медициналық жәрдемнің мобилді бригадасын, санитариялық авиация көлігін шақыртып, өңірлендіруге сәйкес, оны жоғары деңгейдегі медициналық ұйымға көшіруге дайындау жүзеге асырылады.

59. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің екінші деңгейдегі медициналық ұйымдардың мамандары бірінші деңгейдегі медициналық ұйымдарға консультациялық көмек көрсетеді.

60. Хирургиялық көмекті өңірлендірудің үшінші деңгейіндегі ұйымдарға мамандандырылған медициналық көмек және бірегей операцияларға дейін жоғары технологиялы медициналық қызметтер көрсететін, заманауи емдеу-диагностикалық жабдықтармен және дәрілік препараттармен жарақтандырылған, тәулік бойы бақылайтын хирургиялық пост, клиникалық, биохимиялық, бактериологиялық зертханасы, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі бар, жоғары білікті медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілген медициналық ұйымдар жатады.

61. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің үшінші деңгейіндегі ұйымдарға облыс орталықтарының, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының көпбейінді стационарларының хирургиялық бөлімшелері жатады.

62. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің үшінші деңгейінде кеңейтілген шокқа қарсы және реанимациялық терапия жасалады, мамандандырылған хирургиялық көмек, жоғары технологиялы қызметтер көрсетіледі және бірегей технологиялар қолданылады.

63. Өңірлендірудің үшінші деңгейіндегі стационар жағдайында жүргізілетін операциялар осы Стандартқа 9-қосымшаға сәйкес жүргізіледі (білікті кадрлар мен қажетті жабдықтар болған жағдайда).

64. Орындалатын операциялық араласулардың күрделілік санаты бойынша өңірлендірудің үшінші деңгейіндегі стационарлық хирургиялық көмек операциялардың мынадай көлемдерін орындауды көздейді:

кеңірдектің, бронхтардың, өкпеқаптың, өкпенің, көкірек қуысының және диафрагманың хирургиялық аурулары мен жарақаттары кезінде (дамудың туа біткен ақаулары, қатерсіз және қатерлі ісіктер, жарықтар, тыртықтың тарылуы, трахеобронхиалды және бронх плеврасының жыланкөздері, сондай-ақ кеуде қуысы ағзаларының басқа да аурулары мен жарақаттары), соның ішінде аз инвазиялы технологияларды пайдалана отырып жасалатын операциялар;

алдыңғы құрсақ қабырғасының жарығының барлық түрлері, соның ішінде аллотрансплантат пен аз инвазиялы технологияларды қолдану арқылы жасалатын операциялар;

өңештің хирургиялық аурулары кезінде (веналардың варикозды кеңеюі, дивертикулалар, тыртықтың тарылуы, сондай-ақ өңештің басқа да аурулары мен жарақаттары) резекцияны, реконструкцияны және пластиканың әртүрлерін орындау, соның ішінде аз инвазиялы технологияларды пайдалану арқылы жасалатын операциялар;

асқазан мен ұлтабардың хирургиялық аурулары кезінде (ойық жаралар, қатерсіз және қатерлі ісіктер, сыртқы жыланкөздер, сондай-ақ асқазан мен ұлтабардың басқа да аурулары мен жарақаттары) әртүрлі модификацияларда, гастрэктомияда асқазан резекциясын орындау арқылы, анастомоздарды реконструкциялауды және қалпына келтіруді орындау, соның ішінде аз инвазиялы технологияларды пайдалану арқылы жасалатын операциялар;

бауыр мен өт жолдарының хирургиялық аурулары кезінде (туа біткен даму ақаулықтары, бауырдың диффуздық және ошақтық зақымдануы, өт-тас ауруы, өт жолдарының қабынуы және жарақаттан кейінгі стриктуралары, сондай-ақ бауыр мен өт жолдарының басқа да аурулары мен жарақаттары), қан тамырларын, бауырдың ішіндегі және бауырдан тыс өт жолдарын реконструкциялау, түрлі көлемдегі резекцияларды орындау, кистаны ішкі дренаждау операциясы, соның ішінде аз инвазиялы технологияларды пайдалану арқылы жасалатын операциялар;

ұйқы безінің хирургиялық аурулары кезінде (қатерсіз және қатерлі ісіктер, вирсунголитиаз, кисталар, жыланкөздер, сондай-ақ ұйқы безінің басқа да аурулары мен жарақаттары) түрлі көлемдегі резекцияларды орындау арқылы кисталарды ішкі дренаждау, панкреатитті-дигестивті анастомоздарды қалыптастыру бойынша, соның ішінде аз инвазиялы технологияларды қолдану арқылы операциялар жасау;

эндокринді ағзалардың хирургиялық аурулары кезінде (қалқанша безінің және бүйрек үсті безінің гормондық активті/активті емес қатерсіз және қатерлі ісіктері), соның ішінде аз инвазиялы технологияларды қолдану арқылы жасалатын операциялар;

магистралды және перифериялық тамырлардың хирургиялық аурулары мен жарақаттары кезінде, соның ішінде аллотрансплантат пен аз инвазиялы

технологияларды қолдану арқылы жасалатын реконструктивті-пластикалық операциялар;

тоқ ішектің және аш ішектің хирургиялық аурулары (дамудың туа біткен ақаулары, қатерсіз және қатерлі ісіктер, спецификалық емес жара энтероколиттері мен колиттері, дивертикулдар, жыланкөздер, сондай-ақ аш және тоқ ішектің басқа да аурулары мен жарақаттары) кезінде түрлі көлемде резекцияларды орындау арқылы, соның ішінде аз инвазиялы технологияларды қолдана отырып, реконструктивті-қалпына келтіру операцияларын жасау;

туыстық және қадаверлік ағзаларды трансплантаттау бойынша жасалатын операциялар.

65. Стационарлық хирургиялық көмекті өңірлендірудің үшінші деңгейіндегі медициналық ұйымдардың қызметкерлері бірінші және екінші деңгейдегі медициналық ұйымдарға консультациялық көмек көрсетеді, өңір бойынша хирургиялық қызметті үйлестіру, ұйымдастыру-әдістемелік көмек бойынша функцияларды орындайды, сондай-ақ хирургиялық көмекті өңірлендірудің бірінші және екінші деңгейіндегі медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлерінің тренингтер мен шеберлік сабақтарына қатысуын жүзеге асырады.

66. Білікті, мамандандырылған медициналық көмек және тәулік бойы медициналық бақылау жасайтын жоғары технологиялы медициналық қызмет көрсету қажеттілігі хирургиялық аурулары бар науқасты жоспарлы емдеуге жатқызу үшін көрсеткіш болып табылады.

67. Хирургиялық аурулары бар пациенттерді жоспарлы емдеу үшін стационарға жатқызу амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйым жағдайында алдын ала зерттеп-қараудан кейін жүзеге асырылады.

68. Негізгі ем алудың курсынан өту кезінде медициналық көрсетілімдер болған жағдайда, пациент медициналық оңалтудың ерте курсынан өтеді, одан кейін ауруханадан шығару эпикризінде амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйым жағдайында одан әрі қалпына келтіру емі және медициналық оңалту бойынша ұсыныстар беріледі.

69. Стационарлық емдеуге арналған денсаулық сақтау ұйымдарына, сондай-ақ медициналық ұйымдардың құрамындағы хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсететін медициналық құрылымдық

бөлімшелерге түскен пациентті қабылдау бөлімшесінің бейінді маманы қарап-тексереді, пациентке медициналық көрсетілімдер болған жағдайда № 907 бұйрықпен бекітілген 003/е нысан бойынша стационарлық науқастың медициналық картасын толтырылып және № 364 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша инвазивиялық араласулар кезіндегі жазбаша ерікті келісімі болған жағдайда хирургиялық бөлімшеге емдеуге жатқызылады.

Өмірлік маңызды функциялардың бұзылуының туындауының қаупі немесе болған жағдайда пациент қарқынды терапия бөлімшесіне (реанимация бөлімшесіне) емдеуге жатқызылады.

70. Стационардың қабылдау бөлімшесіне жоспарлы стационарлық хирургиялық көмек алу үшін пациенттерді қабылдау және тіркеу жұмыс уақытында жүгінген сәттен бастап 30 минут ішінде, шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету тәулік бойы жүзеге асырылады.

71. Медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесінде бейінді маман пациентті 10 минуттан кешіктірмей өміріне қауіп төнген жағдайларда дереу қарап-тексерілуі қажет.

72. Медициналық көмек алу үшін стационарға жүгіну кезінде пациенттен алкогольдік, есірткілік немесе уыттық масаю белгілері анықталғанда, медицина қызметкері психикаға белсенді әсер ететін заттардың құрамын тексеру үшін биологиялық сұйықтықтарды (қан, зәр, асқазанның шайынды суы) алады және биологиялық сұйықтардың талдауға алынғаны туралы бастапқы медициналық құжаттамаға белгі қояды.

73. Шұғыл хирургиялық патологиясы бар немесе соған күдігі бар пациент өздігінен жүгінген немесе жеткізілген кезде диагностикалық тексеру және шұғыл хирургиялық көмек ТМККК көлемінде және (немесе) МӘМС жүйесінде жүргізіледі.

74. Бейінді маман науқасты қарап-тексергеннен кейін амбулаториялық жағдайда емдеу жатқызу немесе емдеуге жатқызудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Бейінді маманның емдеуге жатқызудан бас тарту туралы шешімі бөлімше меңгерушісінің немесе жауапты кезекші дәрігердің келісімімен жүзеге асырылады.

75. Емдеуге жатқызуға және амбулаториялық емдеуге жолдама беру № 001 /е нысаны бойынша науқастарды қабылдауды және ауруханаға жатқызудан бас

тартуды есепке алу журналына, № 907 бұйрықпен бекітілген №003/е нысаны бойынша стационарлық науқастың медициналық картасына жазылып, екі бейінді маманның, бөлімше меңгерушісінің және кезекші дәрігердің қолы қойылады.

76. Бейінді маман науқастың жалпы жағдайын, объективті статусын бағалайды, кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді, диагнозды нақтылау үшін және стационарда медициналық көмек алуды талап ететін жағдайларда медициналық көрсетілімдер болса қосымша зертханалық және аспаптық зерттеулердің қажеттілігін айқындайды, хирургиялық көмек көрсету үшін пациентті тиісті бөлімшелерге жібереді.

77. Хирургиялық аурудың алдын ала клиникалық диагнозы анамнез деректерінің, дәрігерлік қарап-тексерудің және клиникалық зерттеп-қарау деректерінің негізінде, келіп түскен сәттен бастап алғашқы тәулік ішінде белгіленеді.

Қорытынды клиникалық диагноз пациент келіп түскен сәттен бастап үш тәулік ішінде клиникалық зерттеп-қарау, зерттеудің аспаптық және зертханалық әдістерінің нәтижелерін пайымдау, динамикалық байқау және операциялық араласу нәтижелерінің негізінде белгіленеді.

78. Пациентті емдеуге жатқызу кезінде қабылдау бөлімшесінің дәрігері /мейіргері № 450 бұйрыққа сәйкес Тriage жүйесі бойынша бөлуді жүзеге асырады.

79. Басымдығы жоғары деңгейдегі (1-топ – қызыл аймақ) шұғыл пациентті тасымалдау туралы ақпаратты алғаннан кейін қабылдау бөлімшесінің мейіргері:

1) бұл туралы тез арада қабылдау бөлімшесінің жауапты (кезекші) дәрігеріне, қарқынды терапия палатасының реаниматологына хабарлайды;

2) жедел жәрдем дәрігері кардиогенді шок, өкпе-жүрек функцияларының жеткіліксіздігі құбылыстары туралы ақпарат берген жағдайда, қабылдау бөлімшесінің мейіргері бұл туралы кардиологқа (штатта болмаса – терапевтке), науқас есінен танған, неврологиялық статусы өзгерген жағдайда – неврологқа (штатта болмаса – терапевтке), алкогольдік немесе есірткі заттарын тұтынудан масаю белгілері болған жағдайда – токсикологқа (штатта болмаса – наркологқа, психиатрға, анестезиологқа), күйігі бар пациентті тасымалдауда – комбустиологқа (штатта болмаса – травматологқа, хирургке) хабарлайды. Жоғарыда көрсетілген мамандар тез арада қабылдау бөлімшесіне келеді.

Қабылдау бөлімшесінің кезекші дәрігері және/немесе кезекші мейіргері шұғыл пациенттің келіп түсуі туралы ақпаратты алғаннан кейін 5 минут ішінде бірыңғай ішкі телефон арқылы зертханалық қызметті, сәулелік диагностика, эндоскопиялық және функционалдық зерттеулер бөлімшелерін хабардар етеді. Аталған бөлімшелердің мамандары қоңырау шалған сәттен бастап 5 минут ішінде қабылдау бөлімшесінде келуі керек.

80. Шұғыл операциялық араласуларды талап ететін пациенттер:

1) стационардың қабылдау бөлімшесінде тіркеу және қарап-тексеру процесіне қатыспай, қысқа мерзімде операциялық блокқа жеткізіледі;

2) операциялық араласу жүргізілгеннен кейін науқас реанимация және/немесе қарқынды терапия бөлімшесіне ауыстырылады. Пациенттің операциядан кейінгі жағдайы тұрақты болса, ауруына сәйкес келетін бөлімшеге ауыстырылады;

3) пациентті қарап-тексерген және қабылдаған мамандар, пациентте бейін бойынша патологияның бар-жоғына қарамастан, оның қарап-тексерілген және түскен уақытын көрсетіп, стационарлық науқастың медициналық картасына жазбаны ресімдейді.

81. Басымдығы бірінші деңгейдегі (2-топ – сары аймақ) пациенттер стационардың қабылдау бөлімшесіне түскен кезде:

1) келіп түскеннен кейін 10-15 минут ішінде қабылдау бөлімшесінің жауапты (кезекші) дәрігерінің және хирург дәрігерлердің, сондай-ақ көрсетілімдері бойынша «травматология ортопедия», «урология және андрология», «акушерлік-гинекология», «терапия», «педиатрия», «жалпы практика дәрігері (отбасылық медицина)», «кардиология», «неврология», «токсикология», «ангиохирургия» мамандықтары бойынша мамандардың қарап-тексеруінен өтеді;

2) пациентті қарап-тексергеннен кейін мамандар көрсетілімдер бойынша емдеу-диагностикалық іс-шараларының тізбесі мен бейінді мамандардың консультацияларының реттілігін құрады;

3) қабылдау бөлімшесінің мейіргердің алып жүруімен, пациентті қабылдау бөлімшесінің диагностикалық палатасына емдеуге жатқызылады;

4) пациент қабылдау бөлімшесіне келіп түскен сәттен бастап 30-60 минут ішінде қадағалап-қараудың одан арғы тактикасын және стационарда емдеуді шешу үшін зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізіледі;

5) егер диагноз қою үшін динамикалық байқау талап етілетін жағдайлар болса, пациент стационардың қабылдау бөлімшесінің диагностикалық палатасында бір тәуліктен аспайтын мерзімде болады. Осы кезеңде шұғыл емдеу-диагностикалық іс-шараларының толық көлемі жүргізіледі.

82. Басымдығы екінші деңгейдегі (3-топ – жасыл аймақ) пациенттер қабылдау бөлімшесіне түскен кезде:

1) келіп түскеннен кейін жауапты (кезекші) дәрігер тексеріп-қарайды, жауапты (кезекші) дәрігердің нұсқауы бойынша диагнозды нақтылау кезінде мейіргер қажетті бейінді мамандарды шақырады;

2) мамандар пациентті қарап-тексергеннен кейін емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде қажетті шұғыл емдеу-диагностикалық іс-шараларының тізбесі мен реттілігін дайындайды;

3) мейіргер бірге алып жүрумен, пациентті диагностикалық палатаға емдеуге жатқызады.

83. Хирургиялық араласуда бұрын «Анестезиология-реаниматология (перфузиология, токсикология) (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша кезекші дәрігер пациенттің жай-күйінің ауырлығын бағалау, мерзімді, орнын, операцияға дейінгі дайындық ұзақтығын, анестезиологиялық құралдың қаупін, анестезия әдісін анықтау мақсатында пациентті қарап-тексереді.

84. Операцияның басталу уақытын белгілеуді және дәрігерлердің операциялық бригадасын құруды жауапты кезекші бейінді маман жүзеге асырады.

85. Шұғыл көрсетілімдер бойынша операциялық араласуды дәрігерлердің операциялық бригадасы пациент стационарға жүгінген сәттен бастап екі сағаттан кешіктірмей бастайды.

86. Барлық алынған биологиялық материалды операция жасайтын бейінді маман патоморфологиялық және гистологиялық зерттеуге жібереді.

87. Операциялық араласу процесінде хирург дәрігер бактериологиялық зерттеу және бактерияға қарсы препараттарға сезімталдықты анықтау үшін іш және өкпеқап қуысынан, абсцесс қуысынан биоматериалды (болған жағдайда)

жинауды жүргізеді және патоморфологиялық және гистологиялық зерттеуге жібереді.

88. Бейінді маман операциялық араласуды операция алдындағы эпикриз, операцияның басталу және аяқталу уақыты көрсетілген операция хаттамасын, макропрепараттың сипаттамасымен биоматериалды гистологиялық зерттеуге жолдама түрінде пациенттің медициналық картасында ресімдейді.

89. Денсаулық сақтау ұйымында пациенттен алынған операциялық, биопсиялық материал «Патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені және Патологиялық-анатомиялық ашып қарауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 97 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10577 болып тіркелген) сәйкес тиісті таңбалау және жолдамамен патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардың және денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің патологиялық-анатомиялық диагностикасына (патоморфологиялық, цитологиялық, гистологиялық зерттеу) жіберіледі.

90. Патологиялық-анатомиялық диагностика хирургиялық операция және (немесе) биопсия жолымен алынған науқастың ағзаларындағы (ағза фрагменттеріндегі) және тіндеріндегі өзгерістер жиынтығын талдау арқылы диагноз қою мақсатында жүзеге асырылады және тікелей қарап-тексерудің (макроскопиялық зерттеулер), ұлғайту құралдарын пайдалану арқылы жүргізілетін зерттеулердің (микроскопиялық зерттеулер), өзге технологияларының нәтижелеріне негізделеді.

91. Диагнозды сәйкестендіруде қиындық туындаған, жүргізілген емі тиімсіз болған жағдайда бөлімше меңгерушісінің өтінімі бойынша денсаулық сақтау ұйымы басшысының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары немесе оның міндетін атқарушы, республикалық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымының консультантын қоса алғанда бейінді мамандарды (кемінде үшеу) немесе басқа да бейінді маманды тарта отырып қажет болған жағдайда пациентті қосымша зерттеп-қарау, емдеу тактикасын нақтылау, айқындау және аурудың болжамын жасауды жүргізумен консилиум ұйымдастырады.

92. Пациентті стационардан шығару кезінде бейінді маман медициналық картаға шығару эпикризін толтырады, онда толық клиникалық диагноз, одан арғы бақылау емдеу және бойынша ұсыныстар және жүргізілген емдеу іс-шаралары, диагностикалық зерттеулердің көлемі көрсетіледі.

93. Пациенттің немесе оның заңды өкілінің қолына қолхатпен еңбекке уақытша жарамсыздық парағы және № 907 бұйрықпен бекітілген № 027/е нысаны бойынша амбулаториялық, стационарлық науқастың медициналық картасының қорытынды клиникалық диагнозы, одан әрі емдеу іс-шаралары, жүргізілген диагностикалық зерттеулердің көлемі, бақылау және емдеу бойынша ұсыныстар көрсетілген үзінді көшірмесі беріледі.

94. Стационардан шыққан пациентке белсенді динамикалық байқауға көрсетілімдер болған жағдайда, стационарлық науқастың медициналық картасының көшірмесіне сәйкес, пост мейіргері науқастың бекітілген жері бойынша МСАК көрсететін медициналық ұйымға науқас туралы мәліметтерді жібереді.

95. Клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздардың айырмашылығы, ятрогенді патологиялар, ауруларды диагностикалау үшін түсініксіз және қиын болған жағдайларда, диагностикалық, хирургиялық араласу кезінде немесе одан кейін науқастардың қайтыс болу, кешіктірілген диагностикалау жағдайларын талқылау клиникалық патологиялық-анатомиялық конференцияда жүргізіледі, оны дайындауды және өткізуді денсаулық сақтау ұйымының басшысының медициналық жұмыс жөніндегі орынбасары немесе оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

3-параграф. Стационарды алмастыратын деңгейде пациенттерге хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) көмек көрсету

96. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге стационарды алмастыратын көмек Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 669 бұйрығымен (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12106 болып тіркелген) бекітілген стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады және ол мыналарды қамтиды:

- 1) алдын ала клиникалық диагнозды қою және пациенттің жағдайын анықтау мақсатында бейінді маманның қарап-тексеруі;
- 2) клиникалық хаттамаларға сәйкес зертханалық және аспаптық зерттеп-қарау өткізу;
- 3) хирургиялық асқынулардың даму қаупін, клиникалық, аспаптық және зертханалық зерттеулердің деректерін бағалауды жүргізу;
- 4) бөлім меңгерушісімен бірлесіп емдеуші дәрігердің клиникалық хаттамасына сәйкес, операциядан кейінгі кезеңде хирургиялық асқынулардың даму қаупін ескере отырып, хирургиялық араласу жүргізу үшін көрсетілімдерді айқындау;
- 5) тағайындалған емдеуді орындау;
- 6) бейінді маманның күн сайынғы қарап-тексеруі (егер басқа мерзім көзделмесе);
- 7) аурудың ауырлық дәрежесі өзгерген кезде жүргізіліп жатқан емге түзетулер енгізу;
- 8) жай-күйі нашарлағанда және тәулік бойы медициналық бақылауға көрсетілімдер туындағанда хирургиялық ауруы бар науқасты стационарға емдеуге жатқызуды ұйымдастыру;
- 9) хирургиялық ауруы бар пациентті жай-күйі жақсарған кезде және ем алуды жалғастыру қажеттілігі болған жағдайда, науқасты амбулаториялық емдеуді аяқтауға жіберу.

97. КХС/АХО тәулік бойы медициналық бақылауды талап етпейтін аурулар мен жағдайларда ұйымдастырылады:

емханада (аудандық және қалалық емхананың құрамында);

тәулік бойы бақылаумен және реанимация мен қарқынды терапия бөлімшесімен (консультациялық-диагностикалық бөлімшелердің/орталықтардың, көпбейінді стационарда (аудандық, қалалық, облыстық аурухананың), республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының құрамында).

98. Хирургиялық аурулары бар пациенттерге операциялық араласудан кейінгі алғашқы тәулікте оларды тәулік бойы бақылау, медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда, КХС/АХО жағдайында (стационар жағдайында) дәрігер және мейіргер тәулік бойғы бақылау постын ұйымдастырады және жедел зертхананың тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

99. КХС/АХО-ның негізгі қағидаттары:

клиникалық хаттамаларға сәйкес, тәулік бойы медициналық бақылауды талап етпейтін жағдайларда хирургиялық аурулары бар науқастарға мамандандырылған медициналық көмек көрсету;

стационарлық жағдайда хирургиялық көмек көрсетілген науқастарды операциядан кейінгі ерте кезеңде (операциядан кейінгі алғашқы тәулікте) бақылау;

хирургиялық аурулары бар науқастарды диагностикалаудың, емдеудің және оңалтудың заманауи әдістерін практикаға енгізу;

уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын жүргізу.

100. КХС/АХО медицина қызметкерлері:

1) хирургиялық асқынулардың даму қаупі бар пациенттерге диагностикалық зерттеулер, амбулаториялық хирургиялық манипуляциялар және жедел араласудың кешенді шараларын жүргізеді;

2) ауру деңгейінің ауырлығы өзгерген кезде, ауруы алғаш рет анықталған пациенттерге немесе созылмалы ауруы бар пациенттерге дұрыс хирургиялық көмек көрсетуді таңдау жүзеге асырады;

3) тәулік бойы медициналық бақылауды талап етпейтін хирургиялық аурулары бар пациенттерге заманауи медициналық технологияларды қолдану арқылы кешенді ем жүргізеді;

4) тәулік бойы медициналық бақылауға көрсетілімдер болмаған жағдайда, операциядан кейінгі ерте кезеңде хирургиялық аурулары бар пациенттерді амбулаториялық еммен қамтамасыз етеді;

5) ерте операциядан кейінгі асқынудың профилактикасы мақсатында диагностикалық және емдік араласудан кейінгі алғашқы тәулікте пациенттердің жай-күйінің медициналық бақылауға алынуын қамтамасыз етеді;

6) консультациялық және емдік, соның ішінде паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастырады және жүргізеді;

7) № 183 Бұйрыққа сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздыққа сараптама өткізеді;

8) хирургиялық аурудың нәтижесінде организм функцияларының тұрақты бұзылыстары бар пациентке № 44 бұйрыққа сәйкес пациентті одан әрі МӘС-қа уақтылы жіберу үшін дәрігерлік-консультативтік комиссияға консультативтік қорытындыны ұсынады;

9) ауру ағымы, емдеудің болжамы және балама әдістері, медициналық оңалту туралы пациентті және (немесе) оның заңды өкілдерін хабардар етеді;

10) көрсетілімдер болған жағдайда (күндізгі стационарда емделудің оң әсері болмаған жағдайда, жай-күйі нашарлағанда) тәулік бойы қызмет көрсететін стационарға жібереді.

101. Амбулаториялық-емханалық және стационарлық деңгейде КХС/АХО-ның жарактандыру осы Стандартқа 10-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

102. КХС/АХО шұғыл және жоспарлы түрде мамандандырылған хирургиялық көмек көрсетеді.

103. Күндізгі стационар жағдайында жүргізілетін операциялар (аудандық және қалалық емханалардың құрамындағы күндізгі стационар/ амбулаториялық хирургия орталығы) осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

104. Тәуліктік стационардың жанындағы күндізгі стационарда жүргізілетін операциялар (тәулік бойы бақылау және реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі бар) республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының, көпбейінді стационарлардың (аудандық, қалалық, облыстық аурухананың), консультациялық-диагностикалық бөлімшенің/орталықтың құрамындағы күндізгі стационар /амбулаториялық хирургия орталығы) осы Стандартқа 12-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

105. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде КХС/АХО-ға емдеуге жатқызуға жолдама беруді зертханалық, аспаптық зерттеулердің нәтижелерімен МСАК немесе медициналық ұйымдардың мамандары жүзеге асырады.

106. КХС/АХО-дағы шұғыл хирургиялық көмек жолдаманың бар-жоғына және тұрғылықты мекенжайына қарамастан көрсетіледі.

107. КХС/АХО-ға емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдер мыналар болып табылады: хирургиялық ауруларға кешенді диагностика жүргізу, операциядан кейінгі асқынулардың ең төмен қаупі кезінде операция алды дайындық және хирургиялық араласулардан кейінгі операция алды бақылау.

108. КХС/АХО-да өкпені ұзақ желдетуді, реанимациялық бөлімше жағдайларын және операциядан кейінгі ұзақ мерзімді бақылауды (12 сағаттан астам) және хирургиялық араласудың барлық кезеңінде 2 сағаттан астам ауырсынуды басу ұзақтығын талап ететін операциялық араласулар жүргізілмейді.

109. Хирургиялық араласуды жүргізу үшін КХС/АХО-ға емдеуге жатқызу үшін қарсы көрсетілімдер мыналар болып табылады:

- 1) анамнезде аллергиялық реакциялардың бар-жоғы;
- 2) декомпенсация кезеңіндегі қосалқы аурулардың бар-жоғы;
- 3) анамнезде психикалық бұзылыстардың болуы;
- 4) асқыну жағдайына тән емес инфекциялардың, дерматиттердің және экземалардың бар-жоғы;
- 5) анамнезде алкоголизмнің бар-жоғы;
- 6) пациентте созылмалы тыныс алу жолдары инфекцияларының, зәр шығару жүйесі, гемодинамиканың бұзылуы бар жүрек-тамыр жүйелері ауруларының, АИТВ-инфекцияларының, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың бар-жоғы;
- 7) операциядан кейінгі кезеңде қанағаттандырылмайтын тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары және операция жасалған науқастың күтімі үшін дәрігермен тұрақты байланыстың болмауы (тек қана стационарлық емдеу).

110. Тәулік бойы медициналық бақылауды талап ететін медициналық жағдайдың және көмек көрсетуге медициналық көрсетілімдер болған жағдайда, сондай-ақ КХС/АХО жағдайында қосымша зерттеп-қарау жүргізу мүмкіндігі болмаған кезде пациент стационарлық емдеуге жіберіледі.

111. Хирургиялық (абдоминалды, торакалды, колопроктологиялық) аурулары бар пациенттерге жедел медициналық көмек және санитариялық

авиация нысанындағы медициналық көмек № 450 бұйрығына сәйкес Жедел медициналық көмек көрсету қағидаларына және «Санитариялық авиация нысанындағы медициналық көмекті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 933 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16245 болып тіркелген) Санитариялық авиация нысанында медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында
хирургиялық (абдоминалды,
торакалды, колопроктологиялық)
көмек көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
1-қосымша

Хирургиялық аурулары бар пациенттерге хирургиялық көмек көрсетудің деңгейлері бойынша диагностикалық және емдеу іс-шараларының тізбесі

Хирургиялық көмек көрсетудің деңгейлері	Диагностикалық іс-шаралардың тізбесі	Емдеу іс-шараларының тізбесі
Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары		
Медициналық пункт, фельдшерлік-акушерлік пункт, дәрігерлік амбулатория, МСАК орталығы, аудандық емхана, қалалық емхана	<ol style="list-style-type: none"> Шағымды, анамнезді жинау. Физикалық қарап-тексеру: пульсті есептеу, тыныс алу жылдамдығының жиілігі, қан қысымын өлшеу, пальпация, перкуссия, аускультация, қынапты тексеру, ректалды тексеру. Көрсетілімдер бойынша зертханалық зерттеулер: жалпы қан талдауы, жалпы зәр талдауы, қан глюкозасы, коагулограмма (протромбиннің индексі, ұю уақыты, қан кету ұзақтығы) зертхана болған жағдайда. 	<ol style="list-style-type: none"> Жалпы әсер ету анальгетиктерімен жансыздандыру Таңу. Қан кетуді тоқтату. Веналық пункция. Нөмірлік аудандық, аудандық, көп бейінді ауданаралық, қалалық ауруханаға бағыттау және / немесе тасымалдау. шағын және ірі операциядан кейін науқастарды амбулаториялық емдеу (қарап-тексеру, байқау, таңу, тігісті алу).
Консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары		
<ul style="list-style-type: none"> - аудандық емхана; - қалалық емхана; - облыстық жалпы аурухананың консультациялық-диагностикалық бөлімі; - республикалық маңызы бар қалалардың консультациялық-диагностикалық орталығы 	<ol style="list-style-type: none"> Шағымдарды жинау, анамнез. Физикалық қарап-тексеру: пульсті есептеу, тыныс алу жылдамдығының жиілігі, қан қысымын өлшеу, пальпация, перкуссия, аускультация, қынапты тексеру, ректалды тексеру. Зертханалық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): жалпы қан талдауы, жалпы зәр талдауы, биохимиялық қан талдауы (жалпы протеин, несепнәр, креатин, билирубин, глюкоза, аланинаминотрансфераза, аспартатаминотрансфераза), коагулограмма (протромбиннің индексі, қанның ұю уақыты, қан кету ұзақтығы), электролиттер. Аспаптық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): (ультрадыбыстық, ультрадыбыстық доплераграфия, кеуде қуысының жалпы рентгенография, абдоминалды кеуде рентгені, бронхоскопия, эзофагагредодуэноскопия, колоноскопия). 	<ol style="list-style-type: none"> Жалпы әсер ететін анальгетиктермен жансыздандыру. Таңғыш салу. Қан кетуді тоқтату. Венепункция. Көпбейінді ауданаралық, қалалық, облыстық ауруханаларға тасымалдау. Шағын және ірі операциялардан кейін науқастарды амбулаториялық емдеу (қарап-тексеру, Бақылау, таңу, тігістерді алу). Шағын операциялар: <ul style="list-style-type: none"> - фурункулдың ашылуы; - карбункулдың ашылуы; - флегмонаның ашылуы; - күбірткенің ашылуы; - пункция, абсцесті ашу;

		<ul style="list-style-type: none"> - гематоманың ашылуы; - ірінді гематоманы ашу; гидрадениттердің ашылуы; - липоманы жою; - атероманы жою; - гигроманы жою; - жараларды алғашқы хирургиялық өңдеу (енбейтін жаралар); - тігісті алу; - ірінді эвакуациялау; - санация; - операциядан кейінгі ірінді жараларды дренаждау; - лапароцентез (асцит кезінде).
<p>Стационарды алмастыратын көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары</p>		
<p>Күндізгі стационар/ емхана құрамындағы амбулаториялық хирургия орталығы (аудан, қала), консультациялық-диагностикалық бөлім/көп бейінді ауруханалардың орталықтары (аудандық, қалалық, облыстық ауруханалар), республикалық денсаулық сақтау ұйымдары.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Шағымдарды, анамнезді жинау. 2. Физикалық қарап-тексеру: пульсті есептеу, тыныс алу жылдамдығының жиілігі, қан қысымын өлшеу, пальпация, перкуссия, аускультация, қынапты тексеру, ректалды тексеру. 3. Зертханалық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): жалпы қан талдауы, жалпы зәр талдауы, биохимиялық қан талдауы (жалпы протеин, несепнәр, креатин, билирубин, глюкоза, аланинаминотрансфераза, аспаратаминотрансфераза), коагулограмма (протромбиннің индексі, қанның ұю уақыты, қан кету ұзақтығы), электролиттер. 4. Аспаптық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): (ультрадыбыстық, ультрадыбыстық доплераграфия, кеуде қуысының жалпы рентгенография, абдоминалды кеуде рентгені, бронхоскопия, эзофагагредодуэноскопия, колоноскопия). 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы әсер ететін анальгетиктермен жансыздандыру. 2. Таңғыш салу. 3. Қан кетуді тоқтату. 4. Венепункция. 5. Көп бейінді ауданаралық, қалалық, облыстық ауруханаларға тасымалдау. 6. Шағын және ірі операциялардан кейін науқастарды амбулаториялық емдеу (қарап-тексеру, Бақылау, таңу, тігістерді алу). 7. Шағын операциялар: <ul style="list-style-type: none"> - фурункулдың ашылуы; - карбункулдың ашылуы; - флегмонның ашылуы; - күбірткені ашу ашу; - пункция, абсцесс ашу; - гематоманың ашылуы; - ірінді гематоманың ашылуы; гидрадениттердің ашылуы; - липоманы жою; - атероманы жою; - гигроманы жою; - жараларды алғашқы хирургиялық емдеу (енбейтін жаралармен); - тігісті алу; - ірінді эвакуациялау; - санация; - хирургиялық операциядан кейінгі жарақаттардың дренаждау; - лапароцентез (асцит үшін).

		<p>8. Ауқымды операциялар (КХС-АХО):</p> <ul style="list-style-type: none"> - жарықтарды алу (шап, сан, кіндік жарығы, - жарық пластикасы (КХС-АХО болған жағдайда тиісті жарактандыру, стационарда жұмыс тәжірибесі бар кадр ресурстары болуы тиісті); - үлкен мөлшерде липоманы жою; - үлкен көлемдегі атероманы жою; - кең флегмонды ашу; - пандактилитті ашу.
<p>Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар</p>		
<p>Хирургиялық бөлімше және (немесе) хирургиялық төсек орындар және нөмірлік аудандық аурухана</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Шағымдарды, анамнезді жинау. 2. Физикалық қарап-тексеру: пульсті есептеу, тыныс алу жылдамдығының жиілігі, қан қысымын өлшеу, пальпация, перкуссия, аускультация, қынапты тексеру, ректалды тексеру. 3. Зертханалық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): жалпы қан талдауы, жалпы зәр талдауы, биохимиялық қан талдауы (жалпы протеин, несепнәр, креатин, билирубин, глюкоза, аланинаминотрансфераза, аспаратаминотрансфераза), коагулограмма (протромбиннің индексі, қанның ұю уақыты, қан кету ұзақтығы), электролиттер. 4. Аспаптық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): (ультрадыбыстық зерттеу, кеуде қуысының жалпы рентгенография, абдоминальді кеуде рентгені, эзофагогредодуэноскопия). 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы әсер ететін анальгетиктермен жансыздандыру. 2. Таңғыш салу. 3. Қан кетуді тоқтату. 4. Венепункция. 5. Көп бейінді ауданаралық, қалалық, облыстық ауруханаларға тасымалдау. 6. Шағын және ірі операциялардан кейін науқастарды амбулаториялық емдеу (тексеру, Бақылау, таңу, тігістерді алу). 7. Шағын операциялар (ауылдық ауруханада тиісті материалдық-техникалық жарактандыру, Жұмыс тәжірибесі бар кадр ресурстары болған жағдайда). 8. Кеуде қуысы және құрсақ қуысы ағзаларының шұғыл хирургиялық ауруларының барлық түрлері кезінде шұғыл хирургиялық көмек (тиісті материалдық-техникалық жарактандырылуы, жұмыс тәжірибесі бар кадр ресурстары болған жағдайда): <ul style="list-style-type: none"> - жараларды бастапқы хирургиялық өңдеу; - кеуде қуысы мен құрсақ қуысы ағзаларының жарақат зақымдалуының барлық түрлерінде хирургиялық емдеу; - ірі тамыр және перифериялық тамырлардың зақымдануы; - шокқа қарсы және реанимациялық терапияның базалық кешені. 9. Жоспарлы хирургиялық көмек (тиісті білікті кадрлар мен қажетті жабдықтар болған жағдайда):

		<ul style="list-style-type: none"> - асқынбаған өт-тас ауруы кезіндегі операциялар; - алдыңғы құрсақ қабырғасының жарықтары кезіндегі операциялар; - тері және тері асты талшықтың ірінді-қабыну аурулары кезіндегі операциялар; - жабынды тіндердің қатерсіз түзілімдеріндегі операциялар; - тік ішектің дистальды бөлімінің қабыну және қатерсіз аурулары кезіндегі операциялар.
<p>Хирургиялық бөлімше және (немесе) көп бейінді стационарда хирургиялық төсек орындар (қалалық ауруханалар, ауданаралық ауруханалар)</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Анамнез жинау. 2. Қарап-тексеру, пальпация. 3. Зертханалық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, нәжісті құрт жұмыртқасына зерттеу, микрореакция, қан тобын және резус-факторды анықтау, қанның биохимиялық талдауы (жалпы ақуыз, несепнәр, креатинин, билирубин, глюкоза, аланинаминотрансфераза, аспартатаминотрансфераза), коагулограмма (протромбин индексі, ұю уақыты, қан кетудің ұзақтығы), электролиттер. 4. Рентгенологиялық зерттеу әдістері. 5. Операциялық емдеу кезінде (көрсетілімдер бойынша): Электрокардиография. 6. Ультрадыбыстық зерттеу әдістері. 7. Эндоскопиялық зерттеу әдістері. 8. Көрсетілімдер бойынша мамандардың консультациясы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы әсер ететін анальгетиктермен жансыздандыру. 2. Анестезияның барлық түрлерін қолдану. 3. Жараға алғашқы хирургиялық өңдеу жүргізу. 4. Жараны антисептиктер ерітіндісімен өңдеу. 5. Таңғыш салу. 6. Қан кетуді тоқтату. 7. Венепункция. 8. Өкпекап пункциясыА, торакоцентез, лапароцентез. 8. Кеуде қуысы және құрсақ қуысы ағзаларының шұғыл хирургиялық ауруларының барлық түрлері кезінде шұғыл хирургиялық көмек (тиісті материалдық-техникалық жарақтандырылуы, жұмыс тәжірибесі бар кадр ресурстары болған жағдайда): <ul style="list-style-type: none"> - жараларды бастапқы хирургиялық өңдеу; - кеуде қуысы мен құрсақ қуысы ағзаларының жарақат зақымдалуының барлық түрлерінде хирургиялық емдеу; - ірі тамыр және перифериялық тамырлардың зақымдануы; - шокқа қарсы және реанимациялық терапияның базалық кешені. 9. Жоспарлы хирургиялық көмек (тиісті білікті кадрлар мен қажетті жабдықтар болған жағдайда): <ul style="list-style-type: none"> - асқынбаған өт-тас ауруы кезіндегі операциялар; - алдыңғы құрсақ қабырғасының жарықтары кезіндегі операциялар;

		<p>-тері және тері асты клетчаткасының ірінді-қабыну аурулары кезіндегі операциялар;</p> <p>- жабынды тіндердің қатерсіз түзілімдеріндегі операциялар;</p> <p>- тік ішектің дистальды бөлімінің қабыну және қатерсіз аурулары кезіндегі операциялар.</p> <p>10. Ерте санация шараларын жүргізу.</p> <p>11. Қажет болған жағдайда пациентті медициналық көмек көрсетудің жоғары деңгейіне ауыстыру.</p>
<p>Көп бейінді стационарда хирургиялық бөлімдер (қалалық, облыстық аурухана)</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Анамнез жинау. 2. Қарап-тексеру, пальпация. 3. Зертханалық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша); қанның жалпы талдауы, несептің жалпы талдауы, нәжісті құрт жұмыртқасына зерттеу, микрореакция, қан тобын және резус-факторды анықтау, қанның биохимиялық талдауы (жалпы ақуыз, несепнәр, креатинин, билирубин, глюкоза, аланинаминотрансфераза, аспартатаминотрансфераза), коагулограмма (протромбин индексі, ұйығыштық уақыты, қан кетудің ұзақтығы), электролиттер. 4. Антибиотиктерге сезімталдықты анықтайтын қан талдауы (көрсетілімдер бойынша); 5. Прокальцитонин деңгейін анықтау (көрсетілімдер бойынша); 6. Д-димерлер (көрсетілімдер бойынша). 7. Қан сарысуындағы лактат деңгейін анықтау (көрсетілімдер бойынша). 8. Рентгенологиялық зерттеу әдістері (көрсетілімдер бойынша). 9. Электркардиография (көрсетілімдер бойынша). 10. Ультрадыбыстық зерттеу әдістері (көрсетілімдер бойынша). 11. Эндоскопиялық зерттеу әдістері (көрсетілімдер бойынша). 12. Компьютерлік томография (көрсетілімдер бойынша). 13. Магнитті-резонанстық томография (көрсетілімдер бойынша). 14. Ангиография(көрсетілімдер бойынша) . 15. Көрсетілімдер бойынша мамандардың консультациясы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы әсер ететін анальгетиктермен жансыздандыру. 2. Анестезияның барлық түрлерін қолдану. 3. Таңғыш салу. 4. Жараны антисептиктер ерітіндісімен өңдеу. 5. Қан кетуді тоқтату. 6. Венепункция. 7. Өкпеқап пункциясы, торакоцентез, лапароцентез. 8. Жараға алғашқы хирургиялық өңдеу жүргізу. 9. Аудандық ауруханалардың, көп бейінді стационарлардың хирургиялық бөлімшелері орындайтын барлық операциялар. 10. Операциялық араласу: мамандандырылған хирургиялық көмек және ЖТМҚ пациенттерге тиісті білікті кадрлар мен қажетті жабдықтар болған жағдайда келесі көлемде ұсынылады: - кеңірдектің, бронхтардың және өкпенің және ортасының хирургиялық аурулары кезіндегі операциялар; - кеңірдектің, өкпенің және көкірек қуысының қатерсіз және қатерлі ісіктері кезіндегі операциялар; - өкпенің кистоздық (паразиттік және паразиттік емес) түзілімдер, плевра, көк ет, қуыс кезіндегі операциялар; -бірмезгілдік және кезеңдік реконструктивті-пластикалық операциялар, сондай-ақ кеңірдектің тыртықты стеноздары мен жаңа түзілім-

дері, кеңірдек-көмейдің жанасуы кезіндегі және бронхтардағы эндоскопиялық операциялар;

- алдыңғы құрсақ қабырғасының жарығының барлық түрлерінде, оның ішінде аллотрансплантантты және аз инвазивті технологияларды қолдана отырып жасалатын операциялар;
- диафрагмалды жарықтар және диафрагма релаксациясы кезіндегі операциялар;
- әртүрлі реконструктивтік және пластиканы орындау арқылы өңешке жасалатын операциялар;
- асқазанның және ұлтабардың ойық жарасы ауруы кезінде түрлі модификацияларда, гастрэктомияда асқазан резекциясын орындау арқылы жүргізілетін операциялар;
- асқынбаған және асқынған өт-тас ауруы және өт шығару жолдарының патологиясы кезіндегі операциялар, оның ішінде аз инвазивті технологияларды қолдану арқылы;
- бауырдың көлемді және кистоздық (паразиттік және паразиттік емес) түзілімдер кезіндегі түрлі көлемдегі резекцияларды орындау арқылы жүргізілетін операциялар;
- созылмалы панкреатит кезіндегі операциялар;
- эндокриндік мүшелердің хирургиялық аурулары кезіндегі операциялар;
- негізгі және перифериялық тамырлардың хирургиялық аурулары кезіндегі операциялар;
- әртүрлі көлемде резекцияларды орындау арқылы, оның ішінде аз инвазиялы технологияларды қолдана отырып, аш және тоқ ішектің хирургиялық аурулары кезіндегі операциялар;
- тік ішектің іш-аралық экстирпациясын орындаумен тік ішектің хирургиялық аурулары кезінде жүргізілетін операциялар;
- тік ішектің ірінді-қабыну аурулары кезіндегі операциялар (парапроктит, сызат, эпителиальды-құйымшақты жүріс);

		<p>- геморрой кезіндегі операциялар, оның ішінде аз инвазиялы технологияларды қолдану.</p> <p>11. Ерте санация шараларын жүргізу.</p> <p>12. Көрсетілімдер бойынша науқастарды республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына ауыстыру.</p>
<p>Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар:</p> <p>ұлттық орталық, ғылыми орталық, ұлттық ғылыми орталық, ғылыми-зерттеу институты, республикалық денсаулық сақтау ұйымдары</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Анамнез жинау. 2. Қарап-тексеру, пальпация. 3. Зертханалық зерттеулер көрсетілімдер бойынша. 4. Рентгенологиялық зерттеу көрсетілімдер бойынша. 5. Жүрек-тамыр жүйесін тексеру көрсетілімдер бойынша (ЭКГ, ЭхоКГ, холтер бойынша мониторинг, жүктемемен сынамалар коронарография). 6. Ультрадыбыстық зерттеу әдістерінің барлық түрлері (көрсетілімдер бойынша). 7. Диагностика мен емдеудің эндоскопиялық әдістерінің барлық түрлері, оның ішінде ЭРХПГ, ЭПСТ, эндоскопиялық стенттеу (көрсетілімдер бойынша). 8. Компьютерлік томография (көрсетілімдер бойынша). 9. Магнитті-резонанстық томография (көрсетілімдер бойынша). 10. Кіші және үлкен қан айналымы шеңберінің тамырларының ангиографиясы (көрсетілімдер бойынша). 11. Көрсетілімдер бойынша мамандардың консультациясы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қалалық және облыстық көп бейінді ауруханалардың хирургиялық бөлімшелерінде орындалатын барлық хирургиялық араласулар. 2. Операциялық араласу: тиісті білікті кадрлар мен қажетті жабдықтар болған жағдайда пациенттерге мамандандырылған хирургиялық көмек көрсетіледі. 3. Хирургиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің инновациялық технологиялары. 4. Ішкі органдарды туыстық және кадаверлік трансплантациялау бойынша операциялар. 5. Ерте оңалту шараларын жүргізу.

***Қарап-тексеру көлемі диагнозға, медициналық ұйымның жабдықталу деңгейіне және кадрлық қамтамасыз етілуіне байланысты.**

Қазақстан Республикасында
хирургиялық (абдоминалды,
торакалды, колопроктологиялық) көмек
көрсетуді ұйымдастыру стандартына
2-қосымша

**Амбулаториялық-емханалық деңгейде жекелеген емшара, таңу бөлмесі
болмаған және (немесе) болған кезіндегі хирург дәрігердің кабинетін
жарақтандыру**

Жарақтандырудың (жабдықтаудың) атауы		Талап етілетін саны, дана.
1. Дәрігерлік амбулатория, МСАК орталығы, аудандық емхананың хирург кабинеті(жекеленген емшара, таңу бөлмелері болмаған кезде)		
1	Медициналық қарап-тексеруге арналған кушетка	1
2	Дәрігердің медициналық үстелі	1
3	Мейірбикенің үстелі	1
4	Дәрігердің медициналық орындығы	1
5	Мейірбикенің медициналық орындығы	1
6	Пациенттің орындығы	2
7	Медициналық шымылдық	1
8	Құжаттамаға арналған 2 жармалы медициналық шкаф	1
9	Киімге арналған медициналық шкаф	1
10	Таңу үстелі	1
11	Жылжымалы құрал-саймандар үстелшесі	1
12	Зарарсыздандырылған құрал-саймандарды сақтауға арналған контейнер	қажеттілігіне қарай
13	Медициналық жылжымалы шам	1
14	Амбулаториялық көмек көрсетуге арналған шағын хирургиялық жиынтық	2
15	Бой өлшегіш	1
16	Медициналық таразы	1
17	Өлшеу таспасы	1
18	Бүйрек тәрізді лоток	1
19	Секунд өлшеуіш	1
20	Термометрлер мен шпательдерге арналған ыдыс	2
21	Медициналық термометр	5
22	Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған аппарат	1
23	Стетофонендоскоп	1
24	Медициналық шпатель	қажеттілігіне қарай
25	Принтері интернетке шығуы бар дербес компьютер	1 жұмыс орнына 1 компьютер
26	Көлеңкесіз шам	1
27	Негатоскоп	1
28	Медициналық құрал-саймандарды зарарсыздандыруға арналған құрғақтай кептіретін шкаф	1

29	Бактерицидті стационарлық сәулелендіргіш	1
30	Амбу қапшығы	1
31	Резекциялау және коагуляциялауға арналған лазер аппараты	қажеттілігіне қарай
32	Тоңазытқыш	1
33	Бұғана сынықтарын емдеуге арналған шендеуіштер	1
34	Білек пен саусақтарын бекітуге арналған шендеуіштер	2
35	Қол мен аяққа арналған сымнан жасалған шендеуіштер	2
36	Аяққа арналған тасымалдау шендеуіштері	1
37	Басты ұстауыш (Шанц жағасы)	1
38	Реанимацияға арналған тасымалдау жиынтығы	1
39	Сұйық сабынға арналған мөлшерлеуіш дозатор	1
40	Стеризолға арналған мөлшерлеуіш дозатор	1
41	Бір реттік сүлгілер үшін сүлгі ұстауыш	1
42	Тұрмыстық және медициналық қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылықтар	2
<p>2. Дәрігерлік амбулатория, МСАК орталығы, емхана (нөмірлік аудандық, аудандық, қалалық) консультациялық-диагностикалық бөлімше/орталық хирургінің дәрігері (жеке емшара, таңу бөлмелері болмаған кезде)</p>		
43	Медициналық қарап-тексеруге арналған кушетка	1
44	Дәрігердің медициналық үстелі	1
45	Мейірбикенің медициналық үстелі	1
46	Дәрігердің медициналық орындығы	1
47	Мейірбикенің медициналық орындығы	1
48	Пациенттің орындығы	2
49	Медициналық шымылдық	1
50	Құжаттамаға арналған 2 жармалы медициналық шкаф	1
51	Киімге арналған медициналық шкаф	1
52	Бой өлшегіш	1
53	Медициналық таразы	1
54	Өлшеу таспасы	1
55	Бүйрек тәрізді лоток	1
56	Секунд өлшеуіш	1
57	Термометрлер мен шпательдерге арналған ыдыс	2
58	Медициналық термометр	5
59	Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған аппарат	1
60	Стетофонендоскоп	1
61	Медициналық шпатель	қажеттілігіне қарай
62	Принтері интернетке шығуы бар дербес компьютер	1 жұмыс орнына 1 компьютер
63	Негатоскоп	1
64	Бактерицидті стационарлық сәулелендіргіш	1
65	Сұйық сабынға арналған мөлшерлеуіш дозатор	1
66	Стеризолға арналған мөлшерлеуіш дозатор	1
67	Бір реттік сүлгілер үшін сүлгі ұстауыш	1
68	Тұрмыстық және медициналық қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылықтар	2



Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық
актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов
Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні	20.03.2023
Сақтау күні	20.04.2026
Дата редакции	20.03.2023
Дата скачивания	20.04.2026

Қазақстан Республикасында
хирургиялық (абдоминалды,
торакалды, колопроктологиялық) көмек
көрсетуді ұйымдастыру стандартына
3-қосымша

**Амбулаториялық-емханалық деңгейде емшара, таңу бөлмесін ең төменгі
жарақтандыру**

1. Нөмірлік аудандық, аудандық және қалалық емхана, консультациялық-диагностикалық бөлімше/орталық емшара кабинеті	
Медициналық қарап-тексеруге арналған кушетка	1
Мейірбикенің медициналық емшара үстелі	1
Мейірбикенің медициналық емшара орындығы	1
Пациенттің орындығы	2
Медициналық шымылдық	1
Дәрі-дәрмектерге арналған медициналық шкаф	1
Биксты ұстауыш	1
Зарарсыздандыру қорабы	3
Зарарсыздандырылған құрал-саймандарға арналған манипуляциялық үстел	1
Жылжымалы құрал-саймандарға арналған үстелше	1
Медициналық винтті табурет	1
Шұғыл көмек көрсету бойынша жайғастыру-шемоданы	1
«А» және «В» тобындағы медициналық препараттарға арналған шкаф	1
Медициналық бір жармалы шкаф	1
Әсері күшті дәрілерге арналған шкаф	1
Сұйық дәрілерді ұзақ күйге арналған штатив	3
Шыны түтіктерге арналған штатив	5
Қуыстарды жууға арналған шприц	2
Өкпені қолмен желдетуге арналған аппарат (Амбу қапшығымен бірге жинақтау)	1
Жүректің тікелей емес массаж жасаудың сапасын бақылау функциясы бар автоматты дефибрилляторы	1
Оттегі ингаляторы	1
Медициналық электр сорғышы	1
Ауа жібергіш (жиынтық)	2
Резеңке жылытқы	2
Қан тоқтататын бұрау	2
Дуоденалдық зонд	5
Асқазан зонды	6
Резеңке немесе полимерлік катетер (жиынтық)	12
Тасымалдауыш иммобилизациялық шиналар жиынтығы	2
Суық тізбекке арналған контейнер	1
Эсмарх тостағаны	1

Қарапайым бір линзалық лупа	1
Өткір екі жақты сүйек қасығы	2
Құлақ күйғыш жиынтығы	1
Клизма жиынтығы	1
Тік қорцанг	2
Бүгілген қорцанг	2
Тырнаққа арналған қайшылар жиынтығы	1
Таңу материалдарына арналған қайшылар	3
Жұмсақ тіндерді кесуге арналған қайшылар (әртүрлі)	8
Гипс таңғыларды кесуге арналған қайшылар жиынтығы	1
Анатомиялық пинцет	12
Хирургиялық қысқыштар жиынтығы	1
Газды шығару түтіктерінің жиынтығы	1
Құм сағаттар жиынтығы	1
Гипс таңғыларын кесуге арналған пышақ	1
Резекциялық ішперде пышағы	1
Көз тамызғышы	қажеттілігіне қарай
Оттегіге арналған жастықшасы	1
Мұзға арналған сауыт	2
Ауыз кеңейткіш	1
Медициналық скальпель	3
Дәрі қабылдауға арналған стакан	қажеттілігіне қарай
Суға арналған термометр	2
Медициналық шпатель	қажеттілігіне қарай
Тіл ұстағыш	2
Жөргекпен ауыстыруға арналған үстелше	1
Жылжымалы медициналық шам	1
Жылжымалы бактерицидті сәулелегіш (стационарлық)	1
Персоналдардың ЖИТС жұқтыруын алдын алуға арналған дәрісауыт	1
Шұғыл және жедел медициналық көмек көрсетуге арналған жиынтығы	1
Термометрлер мен шпательдерге арналған сыйымдылық	2
Медициналық құрал-саймандарды өңдеуге арналған контейнер	10
Санитарлық зембілдер	1
Жедел медициналық көмек көрсетуге арналған сөмке	1
Медициналық препараттарды сақтауға арналған тоңазытқыш	1
Термоконтейнер	2
Зарарсыздандыру ерітіндісі бар сыйымдылықтарға арналған үстел	1
Бой өлшегіші бар медициналық таразы	1
Бөлмеге арналған термометр	1
Сұйық сабынға арналған мөлшерлеуіш дозатор	әр қранға
Стеризолға арналған мөлшерлеуіш дозатор	әр қранға
Бір реттік сүлгілер үшін сүлгі ұстауыш	әр қранға

Емшара бөлмесін ағымдағы тазартуға арналған сыйымдылық	1
Емшара бөлмесін күрделі тазартуға арналған сыйымдылық	1
Тұрмыстық және медициналық қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылықтар	1
Қауіпсіз кәдеге жарату контейнері	2
Нұсқаулар: анафилактикалық шоктың шұғыл терапиясы	1
апаттық оқиғалар жағдайындағы әрекеттер алгоритмі	1
еуропалық стандарт бойынша қолды өңдеу	1
2. Нөмірлік аудандық, аудандық және қалалық емхана, консультациялық-диагностикалық бөлімше/орталық хирургы кабинетінің таңу бөлмесі	
Медициналық кушетка	1
Мейірбикенің медициналық емшара үстелі	1
Мейірбикенің медициналық емшара орындығы	1
Пациенттің орындығы	2
Медициналық шымылдық	1
Екіжаппалы медициналық шкаф	1
«А» және «В» тобындағы медициналық препараттарға арналған шкаф	1
Бір жаппалы медициналық шкаф	1
Таңу үстелі	1
Қолға операциялар және манипуляциялар жасауға арналған үстел	1
Гипс таңуға арналған үстел	1
Өлшеу таспасы	1
Бүйрек тәрізді лоток	1
Секунд өлшегіш құрал	1
Медициналық термометр	5
Артериялық қан қысымын өлшеуге арналған аппарат (тонометр)	1
Стетофонендоскоп	1
Тілге арналған медициналық шпатель	қажеттілігіне қарай
Термометрлер мен шпательдерге арналған сыйымдылық	2
Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған керек-жарақ жиынтығы	1
Жүректің тікелей емес массаждау сапасын бақылау функциясы бар автоматты дефибриллятор	1
Медқызметкерлердің ЖИТС жұқтыруының алдын алуға арналған қобдиша	1
Қан тоқтататын ширақ	3
Операциялық төсек жапқыштарын бекітуге арналған қыстырғыш	8
Эластикалық түтіктерге арналған қысқыш	2
Қан тоқтататын қысқыш (әртүрлі)	30
«Москит» түріндегі қан тоқтататын қысқыш	8
Ректалды айна	4
Хирургиялық науашық зонды (әртүрлі)	8
Хирургиялық түймелі зонды (әртүрлі)	8
Қан алуға арналған ине	қажеттілігіне қарай
Хирургиялық ине (әртүрлі)	қажеттілігіне қарай
Хирургиялық ине ұстауыш	3

Металды ине салғыш	2
Резеңке және полимерлі катетер (жиынтығы)	2
Уретралық әйелдер катетері (жиынтығы)	8
Уретралық ерлер катетері (жиынтығы)	2
Тік корцанг	3
Иілген корцанг	3
Трахеотомиялық өткір ілгіш	2
Екі тісті хирургиялық ілгіш	2
Екі тісті өткір хирургиялық ілгіш	2
Тұтқалары ұзартылған, Листон типті сүйек тістеуік	1
Хирургиялық сорғыш	1
Көз тамызғышы	қажеттілігіне қарай
Анатомиялық пинцет	12
Хирургиялық пинцет	12
Тісті–табанды пинцет	9
Металл қапсырмаларды алуға және салуға арналған пинцет	2
Гипс таңғыштарын кесуге арналған ара	2
Бикс ұстауыш	1
Зарарсыздандыруға арналған дөңгелек қорап	қажеттілігіне қарай
Медициналық препараттарды сақтауға арналған тоңазытқыш	1
Зарарсыздандыру ерітінділері бар сыйымдылықтарға арналған үстел	1
Медициналық құрал-саймандарды өңдеуге арналған контейнер	6
Кір бұйым-заттарды жинауға арналған контейнер	1
Зарарсыздандыру құрал-саймандарына арналған үстел	1
Жылжымалы құрал саймандарға арналған үстелше	1
Скальпель (жиынтық)	15
Медициналық бұрандалы орындық	1
Тіл ұстағыш	
Медициналық троакар (жиынтығы)	2
Медициналық хирургияға арналған распатор (әртүрлі)	6
Ауыз кеңейткіш	1
Гипсті салуға және алуға арналған құрал-саймандар жиынтығы	1
Бұғана сынықтарын емдеуге арналған шиналар	1
Білек пен саусақтарын бекітуге арналған шендеуіштер	2
Қол мен аяққа арналған сымнан жасалған шендеуіштер	2
Аяқтарды тасымалдауға арналған шендеуіштер	1
Гипс таңғыштарын кесуге арналған қайшылар жиынтығы	1
Шұғыл медициналық көмек чемоданы	1
Аяқ пен қолға арналған сымдық (сатылық) шендеуіштер	12
Мұрынға арналған тампондық қысқыштар	1
Гипс таңғыштарының шеттерін қайыруға арналған қысқыштар	1
Дәрі-дәрмек заттарға арналған шыны шкаф	1

Сұйық дәріні ұзақ күйге арналған штатив	2
Жөргекке орау үстелшесі	1
Басты ұстауыш (Шанц жағасы)	1
Амбулаторлық көмек көрсетуге арналған шағын хирургиялық жиынтық	2
Зарарсыздандырылған құрал-саймандарды сақтауға арналған камера	1
Зарарсыздандыру материалын сақтауға арналған бикстер	3
Қолданылған құрал-саймандарды жібітуге арналған сыйымдылықтар 3 л	2
Лотоктарды жібітуге арналған сыйымдылықтар 10 л	2
Таңу бөлмесін күнделікті жинауға арналған сыйымдылықтар	1
Таңу бөлмесін жаппай тазалауға арналған сыйымдылықтар	1
Стационарлық шам	1
Жылжымалы медициналық көлеңкесіз шам	1
Бактерицидті жылжымалы (стационарлық) сәулелегіш	1
Гипсті алуға және салуға арналған құрал-саймандар жиынтығы	1
Сұйық сабынға арналған мөлшерлеуіш	әр кранға
Стеризолға арналған мөлшерлеуіш	әр кранға
Бір реттік сүлгілерге арналған сүлгі ұстауыш	әр кранға
Тұрмыстық және медициналық қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылықтар	1
Қауіпсіз кәдеге жарату контейнері	2
Нұсқаулар: анафилактикалық шоктың шұғыл терапиясы	1
апаттық оқиғалар жағдайындағы әрекеттер алгоритмі	1
еуропалық стандарт бойынша қолды өңдеу	1
3. Нөмірлік аудандық емханадағы эндоскописттің кабинеті	
Видеогастроскоп	1
Эндоскоптарды кептіруге арналған машина	1
Иілгіш эндоскоптарға арналған жуу машинасы	1
Негатоскоп	1
Анестезиялық заттардың бүріккіші	1
Бактерицидті стационарлық сәулелендіру	1
Нұсқаулар: анафилактикалық шоктың шұғыл терапиясы	1
апаттық оқиғалар жағдайындағы әрекеттер алгоритмі	1
еуропалық стандарт бойынша қолды өңдеу	1
4. (Аудандық, қалалық) емхана эндоскопистінің кабинеті	
Бейнебронхоскоп	1
Бейнегастроскоп	1
Бейнедуоденоскоп	1
Эндоскоптарды кептіруге арналған машина	1
Иілгіш эндоскоптарға арналған жуу машинасы	1
Негатоскоп	1
Анестезиялық заттарды бүріккіш	1
Бактерицидті стационарлық сәулелендіру	1

Нұсқаулар:	
анафилактикалық шоктың шұғыл терапиясы	1
апаттық оқиғалар жағдайындағы әрекеттер алгоритмі	1
еуропалық стандарт бойынша қолды өңдеу	1
5. Консультациялық-диагностикалық бөлімше/орталық эндоскопистің кабинеті	
Бейнеколоноскоп	1
Бейнебронхоскоп	1
Бейнегастроскоп	1
Бейнедуоденоскоп	1
Эндоскоптарды кептіруге арналған машина	1
Икемді эндоскоптарға арналған жуу машинасы	1
Негатоскоп	1
Анестезиялық заттардың бүріккіші	1
Бактерицидті стационарлық сәулелендіру	1
Нұсқаулар:	
анафилактикалық шоктың шұғыл терапиясы	1
апаттық оқиғалар жағдайындағы әрекеттер алгоритмі	1
еуропалық стандарт бойынша қолды өңдеу	1

Ескертпе:

